

А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған

«Ұлтымыздың ұлы ұстазы» атты әдеби кештің сценарийі

Әбіш Кекілбаевтың эпиграфы “Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға”.

<p>Сахнада кітап көрмесі (баннер?)</p> <p>Мұтан Мұратбек</p> <p>Каиыржан Аида</p> <p>5 сынып оқушылары баспалдақта, сахнада тұрады, кітап оқып, ойнап т.б</p> <p>Музыка фон</p> <p>1-жүргізуші (сахна сыртынан)</p>	<p>Оқушы: Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап! Жуынып, киініңдер шапшаңырақ! Шақырды тауық мана әлдеқашан, Қарап тұр терезеден күн жылтырап. Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да: Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп, Барады аралар да ұшып балға. Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман, Оянып жан-мақұлық түнде қонған, Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы, Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған. Өзенде балықшылар ау қарап жүр, Тоғайда орақ даусы шаң-шүң орған. Аллалап, ал кітапты қолдарыңа! Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.</p> <p>Балалар, бұл жол басы даналықта, Келіндер, түсіп байқап қаралық та! Даналық өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріңдер іздеп тауып алалық та! (сахнадан кетіп қалады)</p> <p>Күй</p> <p>Болашақтың тірегі жас бүлдіршіндердің оқып білім алуына, сауатын өз ана тілінде ашып, ұлттық санасының қалыптасуы зор ықпалын тигізген, Ұлтық мүдде ұраншысы, оқу-ағарту ісінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсыновтың тағылымы - мәңгілік мұра.</p>
<p>Өмірбаяны үш тілде</p> <p>1 жүргізуші.</p> <p>Видео қосу ақын туралы Қазақша, Орысша Ағылшынша айту</p>	<p>Қазақ биі</p> <p>-Қайырлы күн құметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар. Бүгінгі кешіміз халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, мемлекет қайраткері,</p> <p>қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, ақын- аудармашы, «Ұлтымыздың ұлы ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналады</p> <p>Күй</p>

<p>1-жүргізуші</p> <p>Өлеңдерін мәнерлеп оқу</p> <p>Фон не видео Кітап суреттерін қою</p>	<p>An outstanding citizen of the Kazakh people, Akhmet Baitursynov was born on the 18th of January in 1878 in the tract Sartybek, Turgay region is now the current Kostanay Province. He fought for the independence of Kazakh people. He dreamt to make many Kazakh children to be well educated.</p> <p>Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.</p> <p><u>Видео ұстаздығы туралы</u></p> <p>Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Омарханова Алуа-Адамдық диқаншысы - Абдрахманова Аделия- Қазақ салты - Андосова Адия -Достыма хат - Маркс Нұртас Анама хат - Сатбек Д- «Бұлбұл мен есек» мысалы - Нуриденов Мансур- «Қаптесер мен көртышқан» - Берденбекқызы Әлия- Жұртыма - Адина «Қасқыр мен тырна»
<p><u>2 жүргізуші.</u></p> <p>1-жүргізуші ағылшынша</p>	<p>Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады.</p> <p>He translated the works of Russian classics into Kazakh and made a significant contribution to the enrichment of this art direction. This times A.Baitursynov translated Ivan Krylov’s fables. He translated into Kazakh the works of Pushkin "The Fisherman and the Fish", "The Golden Rooster", "The Horse", "The Death of the Wise Alik", a poem by the famous Russian lyric poet Nadson.</p> <p>He wrote many other works. His first work of distinctly political nature «Masa»(Mosquito). The Kazakh newspaper there published «Kyryk mysal»</p> <p>His friends were Bukeykhanov and Dulatov. He worked with the political party «Alash Orda». He fought for the independence of Kazakh people.</p> <p>Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық- зомбылығы, жуандардың тепкісі, елдің азып- тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. «Өгіз бен бақа»</p>
<p><u>Сахналық көрініс</u></p>	<p>5 ә сынып- «Өгіз бен бақа» қойылымы</p>

	<p>6 сынып – «Егіннің бастары» 5а сынып Қарға мен түлкі 5 б сынып - ?????</p>
<p><u>1 жүргізуші:</u></p> <p><u>ағылшынша</u></p> <p><u>2-жүрг:</u></p> <p><u>ағылшынша</u></p> <p>Алаш партиясы зиялыларымен бірге көрініс Мұратбек</p> <p>1-жүргізуші</p> <p>2-жүргізуші</p> <p>1-жүргізуші</p> <p>2-жүргізуші</p>	<p>Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінің қайнары.</p> <p><u>1917 жылы А. Байтұрсынұлы газеттен кетіп, 1919 жылдың наурыз айына дейін “Алаш” партиясының жұмысына араласады. Ғұмыры ұзақ болмаса да қазақтың тұңғыш үкіметі құрылып, қазақ халқының мемлекеттікке лайықты ел екені паш етілді. Алаш арыстарының ең басты еңбегі – олар сол қиын уақытта толыққанды саяси партия мен үкімет құрып, өз халқының мүдделерін батыл қорғау жағына шыға алуында.</u></p> <p>Алаш қозғалысы заманалық маңызы бар құбылыс, оның идеялары мен бағдарламалары ұлттық мемлекеттікті қалыптастыруды мақсат етті. А. Байтұрсынұлы осы «Алаш» партиясы басшыларының ,әрі көсемінің бірі болды,</p> <p><u>Тарих бетін парақтасақ, ұлт тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл империяға қарсы қаймықпай күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен болатын.</u></p> <p>«Ұлт ұстазы» атты телехикаядан үзіндіні сахналау</p> <p>В биографии Ахмета Байтурсынова одним из белых пятен была дата его рождения. До 1998 года считалось, что он родился в январе 1873 года. И только в двухтысячные годы доподлинно установлено, что день его рождения 5 сентября 1872 года. Откуда взялось это разногласие?</p> <p>Некоторые биографы полагают, что этому послужило празднование 50-летия Ахмета Байтурсынова. В сентябре 1922 года, как положено, коммунисты юга Казахстана отпраздновали юбилей Байтурсынова в Ташкенте, а коммунисты Оренбурга запоздали с празднованием и отметили 50-летие Ахмета Байтурсынова только в январе 1923 года в клубе имени Свердлова.</p> <p><u>Орыс тіліндегі көрініс</u></p> <p>Ұлы ұстаздың қазақ ұлтына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ахмет Байтұрсынов қазақтың рухани жетекшісі болған және бола бермек</p> <p>Алайда мынаны ұмытуға болмас: ел боламыз десек Ахмет Байтұрсынов қалдырған рухани мұраны толық игеріп, ол шыққан ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек, “Байтұрсыновшыл” болу-</p>

Музыка фон

9-сынып ұлдары

бүгінгі қазақ зиялысы алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармайық.

... Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын

Ел бүгіншіл, менікі- ертеңгі үшін,- деген Ахмет Байтұрсынов бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр.

[Ахмет Байтұрсынұлы туралы айшықты ойлар](#)

... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

— *Сәкен Сейфуллин*

... А. Байтұрсыновтың өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... А. Байтұрсыновтың арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ... өз ағаттықтарын түсіне бастады...

— *Міржақып Дулатов*

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

— *Мұхтар Әуезов*

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынов туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде- бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде- бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен “Әдебиет танытқышты” жазып шықты.

— *Сырбай Мәуленов*

Біз бүгін Ахаңның “Әдебиет танытқышын” Аристотель “Поэтикасымен” салыстырар едік. Мұның мәнісі- екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы әліп- билері”. Асылы, үздік қасиеттер бір- бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне солғұрлым ұқсас болады”.

— *Зейнолла Қабдолов*

	<p>Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет. — Сәбит Мұқанов</p> <p>Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген- Ахмет Байтұрсынов. — Қайым Мұхамедханов</p>
2- жүргізуші	Өздерінің тарихи миссиясын қылышынан қан тамған заманда орындап кеткен қазақ зиялыларының өмірі мен еңбегі-біз үшін әрдайым үлгі. Қазақтың бүгінгі күнге аман есен жетуі де сол азаматтардың ерлігі мен өлшеусіз еңбегінің арқасы.
1-жүргізуші	Осындай бейбітшілікте өмір сүріп, өзіміздің тілімізде сөйлеп, дінімізді ұстануымыз, басқа елге тәуелді болмай, еркін өмір сүруіміз, «ұлым-арым, халқым-жаным» деп өткен Ахмет Байтұрсыновтай арыстарымыздың арқасында. Сондықтан әрқашан да ұлы тұлғаларымыздың аруағына тағзым етуіміз керек.
Ән	«Алға қазақ жастары» әні
<u>1-жүргізуші</u>	Осымен ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған кешіміз өз мәресіне жетті. Сау саламатта болыңыздар

Сейфуллин /Санджар/	...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.
Профессор /Ардан/	Товарищ Сейфуллин, меня зовут профессор Олевков. Могу я выступить с речью?
Сейфуллин	Конечно, мы ведь знаем Вас, Дмитрий Павлович. Идемте
Сейфуллин	Мына кісі, әлемге танымал ғалым, лингвист Дмитрий Павлович Олевков. Ахан туралы сөйлесем деп, ортаға шығып тұр. Бұл кісінің сөйлегені бәрімізге өте мәртебе. Пожалуйста. (аплодисменты)
Профессор	Товарищи, хочу вам сказать лишь одно. Я завидую казахскому народу и очень горжусь им. У вас есть великолепный ученый Байтұрсынов. Знаете, что его отличает от прочих ученых? Он актуален и занимается своевременно очень нужными вопросами для народа. Байтұрсынов не занят наукой ради науки. Не пишет произведения ради литературы. Его труды и изыскания уже сами по себе обращаются в науку и

	<p>литературу.</p> <p>Таким образом, желая удовлетворить одну из потребностей народа Ахмет Байтурсынов, или как вы его ласково называете, Ахан, произвел ни с чем несравнимую реформу алфавита. Я как ученый лингвист могу с уверенностью заявить, что новая письменность станет общим достоянием для всех тюркских народов. (аплодисменты)</p>
музыка	Алекса́ндр Ви́кторович Зата́евич на фортепиано
Сейфуллин	Келесі сөзді Александр Викторович Затаевич алып отыр. Бұл кісі халықтық кәсіби әнші-күйшілерінің шығармашылықтарымен танысып, өте құнды мағлұматтар жинауда.
Затаевич /Адил/	Дорогие друзья! Говоря об Ахмете Байтурсыновиче, нельзя не сказать, что это высокомузыкальный человек, это прекрасный певец, он великолепно играет на домбре, на фортепиано, на скрипке! Он большой ценитель и собиратель народной музыки, он представитель казахской интеллигенции. Он донес до нас множества народных песен. Из его уст я записал 36. И всему этому был инициатор Ахмет Байтурсынович. И чтобы я занимался только этим делом, он выделил мне денежное довольствие. Так что дорогие друзья, давайте нашего юбиляра пригласим на нашу сцену. (аплодисменты)
Байтурсынов /Тамерлан/	Қадірлі бауырлар! Мені әр түрлі атпен атап, көш емет теп жатқандарына, рақмет. Мен өз жайымнан сөз сөйлеп көрмеген адам едім. Сонын реті бүгін келіп тұр. Анығында мен қарапайым халық мұғаліммін. Оқыған оқуымда көбі емес, аз. Сол аз білімді қайткенде елім өтпесіне, ел мақсатына жұмсаймын деп ой кешкен адаммын. Мені тудырған заман, патша заманын зұлым саясаты, зорлық зомбылығы, қорлығы. Сонын бәрін көре жүріп, ұлтшыл болдық. Менің ісімде тарихтың сынына түсер. Қазіргі жастарға айтарым: мен де өздерін дей, менің артты-көпте істеген ісім болса, сонын бәрі осында отырған қай-қайсінінде қолынан келеді. Мен оған кәміл сенем. (аплодисменты)

Көк есектерге

Не жазып ем,
Құдай-ау, мен қазаққа,
Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа?!
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегендік пе азатқа?
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -
Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа!»
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді,
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.
Көң тасыған көк есектер, бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас-кәріңе,
Үрім-бұтақ нәсіліңе қалғандай
Нық басылар кетпейтін мөр тәніңе.
Бәрінді де іздеп қарап көрермін,
Тапқанымды тастамаспын, терермін.
Миллат үшін еңбектері сіңген деп,
Өсиет қып, кейінгіге берермін.
Асықпаңдар!
Артымызда қазы бар,
Тергеп талай, сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыр тілла алған,
Яһудамен бірге аттарың жазылар.
Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны.

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жөн сілтедім жақын емес алысқа.
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,
Дедім «Сен де қатарыңнан қалыспа»- дейді.
Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа не алар өлім менен
Өлген күні апарып тығары көр,
Мен жоқ болсам көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін
Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын
Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін,-

Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда.

Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау» деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, қазіргі біздің осындай бейбітшілікте өмір сүріп, өзіміздің тілімізде сөйлеп, дінімізді ұстануымыз, басқа елге тәуелді болмай, еркін өмір сүруіміз, «ұлтым-арым, халқым-жаным» деп өткен осындай арыстарымыздың арқасында. Сондықтан әрқашан да ұлы тұлғаларымыздың аруағына тағзым етуіміз керек.